
VE872

ҚҰБЫРДА БҮРЛЕЙТІН РОЛИКТЕРМЕН ОЙЫҚ КЕСУ ҚҰРАЛЫ



ЕСКЕРТУ

⚠ ЕСКЕРТУ



Бұл нұсқауларды және ескертулерді дұрыс орындамасаңыз, Дене жарақатын алуға, мүліктің немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

- **VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралын қолданбас бұрын немесе оған қызмет көрсетпес бұрын, осы нұсқаулықтағы барлық нұсқауларды және құралдағы барлық ескерту жапсырмаларын оқып шығыңыз.**
- **Осы құралмен жұмыс істеу кезінде, қорғаныс көзілдірігін, касканы, қорғаныс аяқ киімін және құлаққапты киіңіз.**
- **Осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығын сақтап қойыңыз.**

Егер қандай да бір әдебиеттің көшірмелері қажет болса немесе осы құралдың қауіпсіз әрі дұрыс жұмыс істеуіне қатысты сұрақтарыңыз болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. Пошта 31, Easton, PA 18044-0031. Телефон: 1-800-PICK VIC, электрондық пошта: pickvic@victaulic.com.

VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ.

ИНДЕКС

Қауіптерді анықтау 2
Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары 2
Кіріспе 4
Құралды қабылдау 4
Құрал номенклатурасы 5
Құралды орнатуға арналған маңызды ақпарат 6
Құрал өлшемдері және салмағы – Тірегіш негіздерсіз 7
Көтеруге қатысты талаптар – Тірегіш негіздерсіз 7
Құрал өлшемдері және салмақтары – Тірегіш негіздермен 8
Көтеруге қатысты талаптар – Тірегіш негіздермен 8
24 дюйм/610 мм және одан кішірек өлшемдегі құбырларды ойықтық жалғауға арналған құралды орнату . . . 10
26 дюйм/660 мм және одан үлкенірек өлшемдегі құбырларды ойықтық жалғауға арналған құралды орнату . . . 12
Қуатқа қатысты талаптар 17
Қуат көзіне қосу және құбырды айналдыру бағытын тексеру 18
Құбырды ойық кесуге дайындау 20
Құбыр ұзындығына қойылатын талаптар 21
Ойық кеспес бұрын құбырды тексеру және реттеу 23
Ойық кесетін роликтер 23
Ролик қапсырмасын реттеу 23
Құбыр тұрақтандырғышын реттеу 26
Цилиндр жылдамдығын реттеу 28
Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу . . 28
Уақыт ауқымын реттеу 29
Құбыр өлшемін реттеу 29
Ойық диаметрі тежеуішінің реттеулері 30
Қысқа құбырларда ойық кесу 32
Ұзын құбырларда ойық кесу 34
Бүрлейтін роликті ауыстыру 38
Төменгі роликті алу 39
Жоғарғы роликті алу 40
Жоғарғы роликті орнату 40
Төменгі роликті орнату 41
Техникалық қызмет көрсету 44
Майлау 44
Тегершік редукторының майын тексеру және құю 45
Гидравликалық майды тексеру және құю 46
Гидравликалық майды және сүзгіні ауыстыру 46
Ауа шығару 48
Ұсынылатын майлағыштар 50
Бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпарат 50
Ақаулықтарды жою 51
Көміртекті болат құбырға арналған Original Groove System (OGS) жүйесінің роликтері (түсті таңбаламасы қара түсті) 52
Қабырғасы жұқа, салмағы стандартты және өте қатты (XS) көміртекті болат құбырда Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған RW роликтері (түсті таңбаламасы САРҒЫЛТ таспасы бар қара түсті) 53
Original Groove System (OGS) жүйесінің өнімдеріне арналған бүрлейтін роликтермен кесілген ойықтың шекті өлшемдерінің түсіндірмесі 55
Көміртекті болат құбырға арналған Original Groove System (OGS) жүйесінің бүрлейтін роликтермен ойық кесу сипаттамалары 57
Advanced Groove System (AGS) жүйесінің бүрлейтін роликтермен кесілетін ойыққа арналған шекті өлшемдер түсіндірмесі 58
Көміртекті болат құбырға арналған Advanced Groove System (AGS) жүйесінің бүрлейтін роликтермен ойық кесу сипаттамалары 60

VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ.

ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУ

Түрлі қауіп деңгейлерін анықтауға арналған анықтамалар төмендегі жерде берілген.

Бұл қауіпсіздікті ескерту таңбасы маңызды қауіпсіздік хабарларын көрсетеді. Осы таңбаны көріп тұрсаңыз, дене жарақатын алып қалу қаупі бар екенін білдіреді. Көрсетілген хабарды мұқият оқып шығып, толық түсінуге тырысыңыз.

⚠ ҚАУІПТІ

- **«ҚАУІПТІ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе ауыр жарақат алып қалуға тікелей әкеп соқтыру қаупінің бар екендігін білдіреді.**

⚠ ЕСКЕРТУ

- **«ЕСКЕРТУ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе жарақат алып қалуға әкеп соқтыруы мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.**

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **«САҚ БОЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жарақат алып қалуға немесе мүліктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.**

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **«НАЗАР САЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы маңызды болып табылатын, бірақ қауіптерге қатысы жоқ арнайы нұсқауларды қарау керектігін білдіреді.**

ОПЕРАТОРҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

VE872 құралы бүрлеу ролигі арқылы құбырда ойық кесу үшін ғана жасалған. Осы құралдарды пайдалану үшінептілік, механикалық біліктіліктер және техникалық қауіпсіздік әдеттерін сақтау талап етіледі. Бұл құралдар қауіпсіз, сенімді операция үшін жасалғанымен, төтенше жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін себептердің барлығын болжап білу мүмкін емес. Төменде берілген нұсқаулар осы құралдардың қауіпсіз жұмыс істеуі үшін ұсынылған. Операторға әр қолданыс алдында, сондай-ақ, орнату және техникалық қызмет көрсету процедурасы кезінде «алдымен құрал қауіпсіздігіне» тәжірибе жасауға кеңес беріледі. Барлық операторлардың осы нұсқаулықты оқып, осы құралдардың қалай жұмыс істейтінін толық түсінуін қамтамасыз ету осы құралдарды жалға берушінің, иесінің немесе пайдаланушы маманның жауапкершілігіне кіреді.

Осы құралдарды пайдаланбас бұрын немесе оны жөндемес бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығыңыз. Құралдың операцияларымен, оны қолдану әдістерімен және ондағы шектеулермен танысып шығыңыз. Оның нақты қауіп-қатерлері туралы біліп алыңыз. Бұл нұсқаулықты кез келген уақытта қол жеткізуге болатын таза жерде сақтаңыз. Бұл нұсқаулықтың қосымша көшірмелері Victaulic компаниясына сұрау жолдау арқылы алуға болады.

1. **VE872 құралы ТЕК «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген бүрлейтін роликтермен ойық салынатын құбыр өлшемдері, материалдары және қабырғаларының қалыңдығы үшін жасалған.**
2. **Құралды қауіпті орталарда пайдалануға жол бермеңіз.** Құралды жаңбыр астында қалдырмаңыз немесе аспапты дымқыл немесе сулы жерлерде пайдаланбаңыз. Құралды еніс немесе тегіс емес жерлерде пайдаланбаңыз. Жұмыс аймағы жарық болуы тиіс. Құралды дұрыс пайдалану үшін, оған жеткілікті бос кеңістік бөліңіз.
3. **Операторды электр тогының соғуынан қорғау үшін құралды жерге тұйықтаңыз.** Құрал компоненттері құралдың жақтауына жерлендіріледі. Жақтаудың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
4. **Арқа немесе омыртқаңызды зақымдап алмаңыз.** Механикалық көтеру жабдығын пайдаланбай, құрал компоненттерін көтеруге әрекет жасамаңыз.

5. **Жабдықты тексеріңіз.** Құралды пайдаланбас бұрын, оның барлық қозғалмалы бөлшектерінде кедергі келтіретін заттардың жоқтығын тексеріңіз. Қоршаулар мен құрал компоненттерінің дұрыс орнатылып, реттелгенін тексеріңіз.
6. **Құралдың кенеттен іске қосылып кетуіне жол бермеңіз.** Құрал пайдаланылмаған кезде, құралдың бүйіріндегі ауыстырып-қосқышты «ӨШІРУЛІ» күйіне орнатыңыз.
7. **Тиісті киімдерді киіңіз.** Бос киім, керек-жарақтар немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені кимеңіз.
8. **Құралдармен жұмыс істеген кезде, үнемі қорғаныс киімдерін киіңіз.** Қорғаныс көзілдірігін, касканы, қорғаныс аяқ киімі мен құлаққапты киіңіз.
9. **Сақ болыңыз.** Дәрі-дәрмек қабылдағаннан ұйқы қысып тұрса немесе шаршап тұрсаңыз, құралды пайдаланбаңыз. Жабдық айналасында алысып ойнамаңыз.
10. **Жұмыс аймағында ешкімнің болмауын қадағалаңыз.** Жай қарап тұратын адамдар барлық кезде жабдықтан алыс жерде тұруы тиіс.
11. **Жұмыс аймақтары үнемі таза болуы керек.** Құралмен жұмыс істейтін аймақ маңы оператордың қозғалуын шектеуі мүмкін кедергілерден таза болуы тиіс. Кез келген май немесе төгілген сұйықтықтарды сүртіп тастаңыз.
12. **Жұмыс аймағының, құралдың және аксессуарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.** Құралдың тұрақты күйде екеніне көз жеткізіңіз. «Құралды реттеп орнату» бөлімін қарап оқыңыз.
13. **Құрал жұмысына қолдау көрсетіңіз.** Еденге немесе жерге бекітілген құбыр кронштейнімен ұзын құбырларды тіреңіз.
14. **Құралды аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен ғана пайдаланыңыз.** Қуат жетегі оператор оңай қолдана алатын жерде орналасқан, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен басқарылуы тиіс. Қозғалып тұрған бөліктерге ешқашан тиіспеңіз. Құрал аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышымен жабдықталмаған жағдайда, Victaulic компаниясына хабарласыңыз.
15. **Ойық кесу кезінде қолыңызды және құралдарды роликтерден және стабилизатор ролигінен алыс ұстаңыз.** Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.
16. **Құрал жұмыс істеп тұрған кезде, құбыр шеттерінің ішіне қолыңызды салмаңыз.** Құбыр шеттері өткір болуы мүмкін және қолғаптарды, қолыңызды және киіміңіздің жеңдерін тіліп кетуі мүмкін. Құбыр мен төменгі ролик арасында саусағыңыз бен қолыңыз жаншылып қалуы мүмкін.
17. **Шамадан тыс әрекет етпеңіз.** Әрдайым тұрақты және тепе-теңдік сақтайтын күйде болыңыз. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын оператор ешбір кедергісіз пайдалана алатынына көз жеткізіңіз.
18. **Құралға артық күш түсірмеңіз.** Құрал мүмкіндіктерінен басқа қандай да бір функцияларды орындау үшін, құралға немесе оның аксессуарларына күш түсірмеңіз. Құралды шамадан тыс жүктемеңіз.
19. **Құралды осы нұсқаулықта көрсетілгендерден асатын цилиндр жылдамдықтарында пайдаланбаңыз.**
20. **Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышы сымын дұрыс пайдаланыңыз.** Сымды жылу, май және өткір заттардан алшақ ұстаңыз.
21. **Құралға қызмет көрсетер алдында, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.** Құралға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек уәкілетті маман ғана орындауы тиіс. Құралға қызмет көрсетер алдында немесе оны реттемес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.
22. **Құралдарға мұқият күтім жасаңыз.** Құралдардың дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін, құралды барлық уақытта таза ұстаңыз. Құрал компоненттерін майлауға арналған нұсқауларды орындаңыз.
23. **Тек Victaulic компаниясы шығарған қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды пайдаланыңыз.** Басқа бөлшектерді пайдалану берілген кепілдіктің бұзылуына, құралдың дұрыс жұмыс істемеуіне және қауіпті жағдайлардың орын алуына алып келуі мүмкін.
24. **Құрал жапсырмаларын алып тастамаңыз.** Зақымдалған немесе тозған жапсырмаларды ауыстырыңыз.
25. **Құрал платформаларын төмендету немесе көтеру кезінде таянышты пайдаланыңыз.**

КІРІСПЕ

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.**
- **Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек Victaulic компаниясының меншігі болып табылады.**

VE872 роликпен ойық кесу құралы ойық кесілген Victaulic өнімдерін алу үшін құбырда бүрлейтін роликпен ойық кесуге арналған толығымен моторлы, жартылай автоматтандырылған, гидравликалық беріс құралдары болып табылады. Стандартты VE872 құралы Original Groove System (OGS) жүйесінің техникалық сипаттамаларына сай 8 – 12 дюйм/219,1–323,9 мм көміртекті болат құбырына және Advanced Groove System (AGS) жүйесінің техникалық сипаттамаларына сай 14 – 24 дюйм/355,6 – 610 мм көміртекті болат құбырына ойық кесуге арналған роликтермен бірге беріледі. VE872 роликтері өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалын анықтау үшін түстермен кодталады. Техникалық сипаттамалары мен материалдары басқа құбырларға бүрлейтін роликпен ойық кесу туралы ақпарат алу үшін, қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз. Техникалықсипаттамалары, өлшемдері мен материалдары басқа құбырларға арналған ойық кесу құралдары бөлек сатып алынуы тиіс.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Бұл құралдарды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін ҒАНА қолдану керек.**

Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына және/немесе құралдың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

ҚҰРАЛДЫ ҚАБЫЛДАУ

VE872 құралдары паллеттерге жеке салынады және жалдау шарты аяқталғаннан кейін, қолданылатын болса, құралды Victaulic компаниясына қайта жөнелту үшін пайдалануға арналған ағаш немесе картон қалыппен жабылады. Тұрақтандырғыш жинағы мен қосымша ролик жинақтары бөлек контейнерде жөнелтіледі.

Құралды алған кезде, барлық қажетті бөлшектерінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөлшектері жоқ болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз.

VE872 ҮЛКЕН КОНТЕЙНЕРІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕР

Саны	Сипаттамасы
1	VE872 бүрлейтін роликпен құбырға ойық кесу құралы
1	Original Groove System жүйесінің техникалық сипаттамаларына сай құралға орнатылған 8 – 12 дюйм/219,1 – 323,9 мм көміртекті болат құбырға арналған роликтер жинағы (егер басқаша болмаса)
2	TM-VE872 құралын пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығы
2	RP-VE872 қосалқы бөлшектерінің тізімі
1	Тұрақтандырғыш бекіткіштері (тұрақтандырғыштың орнату саңылауларына бос бекітілген)
1	Құбыр диаметрінің таспасы
1	Гидравликалық жүйедегі айдау құбыры
1	Алмалы-салмалы желілік сымы бар аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышы

VE872 ШАҒЫН КОНТЕЙНЕРІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕР


Саны	Сипаттамасы
1	Тұрақтандырғыш жинағы
1	14–24 дюйм/355,6–610 дюймдік көміртекті болат құбырда AGS жүйесінің техникалық сипаттамалары бойынша ойық кесуге арналған роликтер жинағы

ЕСКЕРТПЕ. Өлшемі 26 дюйм/660 мм және одан үлкенірек құбырларда ойық кесуге арналған тірегіш негіздерге бөлек тапсырыс берілуі тиіс және осы бетте тізімі берілген құрал компоненттерінен бөлек контейнерлермен жеткізілуі тиіс.

ҚҰРАЛ НОМЕНКЛАТУРАСЫ

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.**
- **Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек Victaulic компаниясының меншігі болып табылады.**



Құралдың жанында моторға жақын жерде орналасқан

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқауларды және ескертулерді дұрыс орындамасаңыз, Дене жарақатын алуға, мүліктің немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

- Кез келген құбырды дайындау құралдарымен жұмыс істемес бұрын немесе қызмет көрсетпес бұрын, пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларындағы барлық нұсқауларды және құралдағы барлық ескерту жапсырмаларын оқып шығыңыз.
- Осы құралдардың айналасында жұмыс істеген кезде, қорғаныс көзілдірігін, касканы, қорғаныс аяқ киімін және құлаққапты киіңіз.

Егер қандай да бір әдебиеттің көшірмелері қажет болса немесе кез келген құбырды дайындау құралдарының қауіпсіз әрі дұрыс жұмыс істеуіне қатысты сұрақтарыңыз болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. Пошта 31, Easton, PA 18044-0031, Телефон: 1-800-PICK VIC, эл. пошта: pickvic@victaulic.com.

0567 Ред. D R031272LAB

Гидравликалық цилиндрде орналасқан

⚠ ЕСКЕРТУ

Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- Кез келген құралды реттеу жұмыстарын жүргізбес бұрын, құралды қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және жұмыс кезінде құбыр тұрақтандырғышындағы роликтен алыс ұстаңыз.

- Жұмыс кезінде құбырдың шетеріне немесе құралдың не құбырдың ішіне қолыңызды салмаңыз.
- Құбырда ойықты ардайым САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.
- Пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларында берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.
- Бос киім, қолғап, аксессуарлар немесе қозғалмалы бөлшектерге ілінің қалуы мүмкін кез келген нәрсені киімеңіз.

5037 Ред. C R091424LAB

Электрлік шкафта орналасқан

⚠ ҚАУІПТІ

Осы есіктің ішіндегі қауіпті кернеуге қолыңыз тиіп кететін болса, ол ауыр жарақат алуға немесе жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

- Құралды реттеу немесе оған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбес бұрын, құралды қуат көзінен ажыратыңыз.
- Бұл есікті тек білікті мамандар ашуы тиіс.

5038 Ред. B R090424LAB

Басқару панелінің жанында орналасқан

⚠ ҚАУІПТІ

Осы қақпақтың ішіндегі қауіпті кернеуге қолыңыз тиіп кететін болса, ол ауыр жарақат алуға немесе жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

- Құралды реттеу немесе оған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбес бұрын, құралды қуат көзінен ажыратыңыз.
- Осы қақпақты тек білікті маман ғана ашуы тиіс.

3308 Ред. B R095424LBL

ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

26 дюйм/660 мм және одан үлкенірек өлшемдегі құбырларда ойық кесу үшін, VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралын пайдаланған кезде тірегіш негіздерді қолдану қажет. Әр тірегіш негіз құбыр өлшемдерінің ауқымына сәйкес келеді және құбырда ойықтың дұрыс келісгеніне көз жеткізу үшін, осы талаптар сақталуы тиіс (төмендегі кестеге қараңыз).



Егер құрал өлшемі 24 дюйм (610 мм) және одан кішірек құбырларда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін қолданылатын болса, «24 дюйм (610 мм) және одан кішірек өлшемдегі құбырларды ойықтық жалғауға арналған құралды орнату» бөлімін қараңыз. 24 дюйм (610 мм) және одан кішірек өлшемдегі құбырлар үшін тірегіш негіздерді қолдану қажет, бірақ құрал тегіс әрі берік бетон еденге бекітілуі тиіс.



Егер құрал өлшемі 26 дюйм (660 мм) және одан үлкенірек құбырларда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін қолданылатын болса, «26 дюйм (660 мм) және одан үлкенірек өлшемдегі құбырларды ойықтық жалғауға арналған құралды орнату» бөлімін қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Әр тірегіш негіз биіктігі 16 дюйм (406 мм), ал салмағы шамамен 180 фунт (82 кг) болуы тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ


- **Құрал немесе төменгі тірегіш негіз құрал мен оның аксессуарларын көтере алатын берік әрі тегіс бетон еденге бекітілуі ТИІС.**
- **Сүрініп құлап кету қауіптерінің алдын алу үшін, таяныштар орнатылып, электрлік сымды/аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымын тірегіш негіз(дер) арқылы жүргізу қажет.**

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына және мүліктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Конфигурация	Құбыр өлшемі ауқымы
 Тірегіш негіз(дер)сіз құрал	24 дюйм/ 610 мм және одан кішірек өлшемдегі құбырлар
 Бір тірегіш негізбен орнатылған құрал	26–38 дюйм/ 660–965 мм өлшемдегі құбырлар


Конфигурация	Құбыр өлшемі ауқымы
 Екі тірегіш негізбен орнатылған құрал	40–48 дюйм/ 1016–1219 мм өлшемдегі құбырлар
 Үш тірегіш негізбен орнатылған құрал	50–72 дюйм/ 1270–1829 мм өлшемдегі құбырлар

ҚҰРАЛ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ САЛМАҒЫ — ТІРЕГІШ НЕГІЗДЕРСІЗ



VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы, жоғарыда көрсетілгендей, шамамен 1900 фунт/865 килограмм салмақты құрайды.

КӨТЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР — ТІРЕГІШ НЕГІЗДЕРСІЗ




ЕСКЕРТУ

- **Құралды көтеру үшін немесе оның қажетті орынға тасымалдау үшін, көпірлі кранды пайдалану қажет.**
- **Ілмек болт сол жақтағы суретте көрсетілгендей құралдың ортаңғы бөлігінде орналасқан.**
- **Көпірлі кранның минималды жүк көтергіштігі 2000 фунт (910 кг) болуы керек.**

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына және мүліктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

ҚҰРАЛ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ САЛМАҚТАРЫ — ТІРЕГІШ НЕГІЗДЕРМЕН



VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралының өзі шамамен 1900 фунт/865 килограмм салмақты құрайды.


- Бір тірегіш негізге орнатылатын VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы шамамен 2080 фунт/945 килограмм салмақты құрайды.
- Екі тірегіш негізге орнатылатын VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы шамамен 2260 фунт/1025 килограмм салмақты құрайды.
- Үш тірегіш негізге орнатылатын VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы шамамен 2440 фунт/1110 килограмм салмақты құрайды.

КӨТЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР — ТІРЕГІШ НЕГІЗДЕРМЕН

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Тірегіш негіз(дер)ге орнатылған VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралын көтеру үшін ілмек болтты ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**
- **Тірегіш негіз(дер)ге орнатылған VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралының орнын ауыстыру кезінде, сыналы бетон еденінің анкерлерін алу қажет және құрал жинағын тасымалдау үшін, ашалы жүктиеуіш пайдаланылуы тиіс.**
- **Жүктиеуіштің ашалары төмендегі сызбада көрсетілгендей жоғарғы тірегіш негіздегі «КӨТЕРУ НҮКТЕЛЕРІ» орындарына салынуы тиіс.**
- **Құралды/тірегіш негіз жинағын жаңа орындағы еденге бекіту үшін, сыналы бетон еденнің анкерлерін пайдалану керек. «26 дюйм/660 мм және одан үлкенірек өлшемдегі құбырларды ойықтық жалғауға арналған құралды орнату» бөлімін қараңыз.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына және мүліктің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.



24 ДЮЙМ/610 ММ ЖӘНЕ ОДАН КІШІРЕК ӨЛШЕМДЕГІ ҚҰБЫРЛАРДЫ ОЙЫҚТЫҚ ЖАЛҒАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Нұсқау берілгенге дейін, құралдың негізгі қуат көзін қосуға БОЛМАЙДЫ.**
- **Құрал тегістелуі және бетон еденге немесе негізге бекітілуі КЕРЕК.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

1. Қаптамадан барлық компоненттерді шығарып алып, барлық қажетті заттардың барын тексеріңіз. «Құралды қабылдау» бөлімін қараңыз.

2. Төменде берілген факторларды ескере отырып, құралға және құбыр кронштейніне арналған орынды таңдаңыз:

2a. Қажетті қуат көзі («Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз)

2b. Қоршаған орта температурасының талаптары — 20 °F–104 °F/–21 °C–26 °C

2c. Құралға және құбыр кронштейніне арналған тегіс бетон еден немесе негіз

2d. Құбыр ұзындықтарын өңдеуге жеткілікті бос кеңістік

2e. Түзету және техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал және тұрақтандырғыш жинағының айналасындағы жеткілікті өлшемдегі саңылау (7-беттегі суреттерді қараңыз)

ЕСКЕРТПЕ. Құралды көтеру үшін немесе оның қажетті орынға тасымалдау үшін, көпірлі кранды пайдалану қажет. Ілмек болт құралдың ортаңғы бөлігінде орналасқан. Көпірлі кранның минималды жүк көтергіштігі 2000 фунт (910 кг) болуы қажет. Қосымша ақпарат алу үшін, «Құрал өлшемдері және салмағы — Тірегіш негіздерсіз» бөлімін қараңыз.







3. VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы белгіленген жерде қолдануға арналған және тегіс бетон еденге немесе негізге орналастырылуы керек. Қолайлы орын таңдалғаннан кейін, құрал алдыңғы-артқы және бүйірлік жағынан тураланып, мықтап бекітілуі керек. Деңгейлі емес құрал ойық кесу жұмысына қатты әсер етуі мүмкін. Құралдың бетін тексергенде, деңгейді жоғарыда көрсетілгендей құралдың жақтауына орналастырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Құралды орнату барысында тұрақтандырғыш жинағының салмағына байланысты, оны қауіпсіз түрде көтеру үшін екі адам қажет.**
- **Басқа жолы тұрақтандырғыш жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолдану болып табылады.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.






4. Құралдың алдыңғы және оң жағынан тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын алыңыз. Тұрақтандырғыш жинағын ондағы орнату саңылауларына дәл келетіндей етіп құралдың алдыңғы, оң жақ бұрышына орналастырыңыз. Құралдан бұрын алынып тасталған тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын қолданып, тұрақтандырғыш жинағын құралға бекітіңіз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құралдың жақтауы бұрандалардың ұштарында ешқандай гайка қажет болмайтындай етіп жасалған. Тоқтатқыш тығырықтарын қысылғанша, тұрақтандырғыш бұрандаларының барлығын бекітіңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **VE872 құралдары алмалы-салмалы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымымен жабдықталған. Құрал пайдаланылмаған кезде, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын шкафта сақтау үшін оңай шығарып алуға болады.**



5. Штепсельді жалғастырғыш тетік тығынының сұққыларын/ілмегін розеткамен туралау арқылы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын орнатыңыз.



6. Тығындағы бекіткіш сақинаны бекітіңіз.

7. «Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз.

26 ДЮЙМ/660 ММ ЖӘНЕ ОДАН ҮЛКЕНІРЕК ӨЛШЕМДЕГІ ҚҰБЫРЛАРДЫ ОЙЫҚТЫҚ ЖАЛҒАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Нұсқау берілгенге дейін, құралдың негізгі қуат көзін қосуға БОЛМАЙДЫ.**
- **Төменгі тірегіш негіз құрал мен оның аксессуарларын көтере алатын берік әрі тегіс бетон еденге бекітілуі ТИІС.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

1. Қаптамадан барлық компоненттерді шығарып алып, барлық қажетті заттардың барын тексеріңіз. «Құралды қабылдау» бөлімін қараңыз.

2. Тірегіш негіз(дер)і бар VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы белгіленген жерде қолдануға арналған және тегіс бетон еденге немесе негізге орналастырылуы керек. Қажетті орын таңдалғаннан кейін, төменгі тірегіш негіз тегіс жерге берік етіп бекітілуі тиіс. Деңгейлі емес құрал ойық кесу жұмысына қатты әсер етуі мүмкін.

3. Төменде берілген факторларды ескере отырып, құралға/тірегіш негіз(дер)ге және құбыр кронштейніне арналған орынды таңдаңыз:

3a. Қажетті қуат көзі («Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз)

3b. Қоршаған орта температурасының талаптары — 20 °F–104 °F/–21 °C–26 °C

3c. Құралға/тірегіш негіз(дер)ге және құбыр кронштейніне арналған тегіс бетон еден


3d. Құбыр ұзындықтарын өңдеуге жеткілікті бос кеңістік


3e. Түзету және техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал/тірегіш негіз(дер) айналасындағы жеткілікті өлшемдегі саңылау (8-беттегі суреттерді қараңыз)

⚠ ЕСКЕРТУ


- **Құралды орнату барысында тұрақтандырғыш жинағының салмағына байланысты, оны қауіпсіз түрде көтеру үшін екі адам қажет.**
- **Басқа жолы тұрақтандырғыш жинағын орнына көтеру үшін көтергішті қолдану болып табылады.**


Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.






4. Құралдың алдыңғы және оң жағынан тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын алыңыз. Тұрақтандырғыш жинағын ондағы орнату саңылауларына құралдағы орнату саңылауларына дәл келетіндей етіп құралдың алдыңғы, оң жақ бұрышына орналастырыңыз. Құралдан бұрын алынып тасталған тұрақтандырғыш бұрандаларын және тоқтатқыш тығырықтарын қолданып, тұрақтандырғыш жинағын құралға бекітіңіз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құралдың жақтауы бұрандалардың ұштарында ешқандай гайка қажет болмайтындай етіп жасалған. Тоқтатқыш тығырықтарын қысылғанша, тұрақтандырғыш бұрандаларының барлығын бекітіңіз.





5. Төменгі платформаны еденге бекіту үшін, сыналы бетон еденнің анкерлерін (еден құрылымына байланысты өлшемі ең кемінде ⅝ x 4 ¼ дюйм) пайдалану қажет. Еден анкерлерін бетон еденге өндіруші нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.



6. Ашалы жүктиеуіш арқылы төменгі тірегіш негізді еден анкерлері орнатылған жер бойымен көтеріңіз. **ЕСКЕРТПЕ.** Жүктиеуіштің ашалары «КӨТЕРУ НҮКТЕЛЕРІ» орындарына салыну тиіс. Тірегіш негіздегі төрт саңылауды төрт еден анкерлерімен туралаңыз. Тірегіш негізді еден анкерлері бойымен жайлап төмен түсіріңіз.






7. Жоғарыда көрсетілгендей еден анкерлерінің әрқайсысына тегіс тығырық пен гайканы орнатыңыз. Гайкаларды толық бекітіңіз.

8. Осы кезде қосымша тірегіш негізді орнатуға болады. 6-қадамда сипатталғандай көтеру әдісін орындай отырып, екінші тірегіш негізді төменгі тірегіш негіз бойымен көтеріңіз. Екінші тірегіш негіздегі төрт саңылауды төменгі тірегіш негіздегі төрт саңылаумен туралаңыз. Екінші тірегіш негізді төменгі тірегіш негіз бойымен жайлап төмен түсіріңіз.

9. ½ дюйм x 1 ½ дюйм болтты, екі тегіс тығырықты, тоқтатқыш тығырықты және гайканы (тірегіш негіз жинағымен бірге берілген) орнатыңыз. Бұл жабдық тірегіш негіздерді бір-біріне бекіту үшін қажет болады.

10. Тегіс тығырығы бар болтты екінші тірегіш негіздегі және төменгі тірегіш негіздегі саңылауларға енгізіп бекітіңіз. Болттың ұшына тегіс тығырықты, тоқтатқыш тығырықты және гайканы бекітіңіз. Тоқтатқыш тығырық қысылғанша, гайканы толық бекітіңіз. Басқа үш саңылау үшін осы қадамдағы нұсқауларды қайталаңыз.

11. Егер үшінші тірегіш негіз қажет болса, 8–10 қадамдарында берілген нұсқауларды орындаңыз.



12. Тірегіш негіздердің тиісті саны орнатылып, бір-біріне бекітілгеннен кейін, құралды көтеріп, тірегіш негіз(дер) үстіне қою керек. Ілмек болт құралдың ортаңғы бөлігінде орналасқан. Көпірлі кранның минималды жүк көтергіштігі 2000 фунт (910 кг) болуы қажет. Қосымша ақпарат алу үшін, «Құрал өлшемдері және салмағы — Тірегіш негіздерсіз» бөлімін қараңыз.

13. Құрал тірегіш негіз(дер) үстіне түсіріліп жатқан кезде, зақымдалып қалуына жол бермеу үшін, қуат сымы жолдан алынып тасталғанына және аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымы ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Құрал негізіндегі саңылаудар тірегіш негіздің ішіндегі саңылаулармен туралануы тиіс.

14. ½ дюйм x 1 ½ дюйм болтты, екі тегіс тығырықты, тоқтатқыш тығырықты және гайканы (тірегіш негіз жинағымен бірге берілген) орнатыңыз. Бұл бекіткіш құрал мен тірегіш негізді бір-біріне бекіту үшін қажет болады.

15. Тегіс тығырығы бар болтты тірегіш негіздегі саңылауға және құрал негізіндегі саңылауға салып бекітіңіз. Болттың ұшына тегіс тығырықты, тоқтатқыш тығырықты және гайканы бекітіңіз. Тоқтатқыш тығырық қысылғанша, гайканы толық бекітіңіз. Бұл процедураны тірегіш негіздегі және құрал негізіндегі қалған үш саңылау үшін қайталаңыз.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **VE872 құралдары алмалы-салмалы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымымен жабдықталған. Құрал пайдаланылмаған кезде, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын шкафта сақтау үшін оңай шығарып алуға болады.**


⚠ ЕСКЕРТУ

- **Сүрініп құлап кету қауіптерінің алдын алу үшін, таяныштар орнатылып, электрлік сымды/аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымын тірегіш негіз(дер) арқылы жүргізу қажет.**

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.




16. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымын тірегіш негіз(дер) арқылы жүргізіңіз. Штепсельді жалғастырғыш тетік тығынының сұққыларын/ілмегін розеткамен туралау арқылы аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышының сымын құрал жанындағы ұяшыққа орнатыңыз. Тығындағы бекіткіш сақинаны бекітіңіз.




17. Платформаны тірегіш негізге орнатыңыз. Платформадағы саңылауларды тірегіш негіздегі саңылаулармен (жоғарыда көрсетілгендей) туралаңыз. Осы процесті құралдың екінші жағында қайталаңыз.

18. ½ дюйм x 1 ½ дюйм басы алты қырлы болтты, тоқтатқыш тығырықты және алты қырлы гайканы (тірегіш негіз жинағымен бірге беріледі) орнатыңыз. Бұл бекіткіштер таяныш негіздерін орнату үшін қажет болады.




19. Таяныш негізін платформадағы/құрал тірегішіндегі сегіз орынға орнатыңыз. Таяныш негіздеріндегі саңылаулар платформадағы/тірегіш негіздегі саңылаулармен дәл келгеніне және таяныш негіздеріндегі бекіту бұрандалары жоғарыда көрсетілгендей платформадан жоғары қарай бағытталып тұрғанына көз жеткізіңіз.

19a. Басы алты қырлы болтты әр таяныш негіздегі екі саңылауға және платформаға/құрал тірегішіне орнатыңыз. Тоқтатқыш тығырықты және гайканы басы алты қырлы болттың ұшына бекітіңіз.



19b. Тоқтатқыш тығырық қысылғанша, алты қырлы гайканы толық бекітіңіз. Әр таяныш негізі үшін осы қадамдағы нұсқауларды қайталаңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ



- **Жоғарыдағы суреттің оң жағында берілген таяныш мотор үшін бос орын қалдыру үшін өзгертілген.**



19c. Таянышты әр таяныш негізіне енгізіңіз. **ЕСКЕРТПЕ.** Пішіні өзгертілген таянышты моторға жоғарыда көрсетілген етіп орнату қажет.




19d. Таяныштарды бекемдеу үшін, әр таяныш негізіндегі екі бекіту бұрандасын бұрап бекітіңіз.





20. Сол жақ қапсырманы бұрыннан бар ролик қапсырмасына басы алты қырлы бұрандалармен және тоқтатқыш тығырықтармен орнатыңыз.

20a. Үш тартпалы/дөңес басты бұранда жинақтары, тоқтатқыш тығырықтар мен алты қырлы гайкалар арқылы сол жақ қапсырманы таянышқа бекітіңіз. 10-беттегі суретте көрсетілген орындарға қараңыз.





21. Жоғарыда көрсетілген тұрақтандырғыш жинағына арналған жоғарғы қапсырманы орнатыңыз. Жоғарғы қапсырманы тұрақтандырғыш жинақтың артқы жағына орнату үшін, басы алты қырлы екі бұрандамен бекітіңіз.

22. «Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ. Тірегіш негіз(дер)ге шығар кезде, таянышты пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Тірегіш негіз(дер)ге орнатылған құралдың орнын ауыстырар кезде, толығырақ ақпарат алу үшін, «Құрал өлшемдері және салмағы — Тірегіш негіздермен» және «Көтеруге қатысты талаптар — Тірегіш негіздермен» бөлімдерін қараңыз.

ҚУАТҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

⚠ ҚАУІПТІ



- **ТЕК БІЛІКТІ ЭЛЕКТРШІ МАМАНДАР ҒАНА ҚҰРАЛҒА КІРІС ҚУАТЫН ЖАЛҒАУЫ ТИІС.**
- **Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, электр көзінің жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.**
- **Құралға қандай да бір түзетулер жасамас бұрын немесе техникалық қызмет көрсетпес бұрын, әрдайым құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз.**
- **Ашаны өзгертуге БОЛМАЙДЫ.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

VE872 құралы 220/440 вольт, 3 фазалы, 60 Гц қуатпен жұмыс істейді. Егер тапсырыста өзгеше көрсетілмесе, құралдар 220 Вт жұмыс үшін электр сымдарының жиынтығымен бірге жеткізіледі. VE872 құралын 440 Вт, 60 Гц шамасында қызмет көрсету мақсатында сымдар жүйесін ауыстыру үшін, төмендегі түрлендірулерді орындау керек. RP-VE872 құралының қосалқы бөлшектер тізіміндегі электр сызбаны және құралдың жетекті моторы мен гидравликалық сорғы моторындағы ақпараттық тақтайшадағы ақпаратты қараңыз.

440 Вт, 60 Гц шамасында қызмет көрсету түрлендірулері мыналарды қамтиды:


1. Мотор қосылымдары
2. Сақтандырғыштағы өзгерістер
3. Термиялық қорғау құралындағы өзгерістер
4. Трансформатор қосылымдары

220 вольтты кернеумен жұмыс істеу үшін қажетті тізбектің қорғауы 45 амперді құрайды. 440 вольтты кернеумен жұмыс істеу үшін 25 амперлік тізбек қорғауы қажет. VE872 құралының барлық компоненттері құралдың жақтауына жерлендіріледі. Жақтаудың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.

Басқа кернеулер мен жиіліктер үшін Victaulic компаниясына хабарласыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Белгілі кернеулермен жұмыс (мысалы, 380/400 Вт, 3 фазалық, 50/60 Гц шамасында қызмет көрсету) түрлі қозғалтқыштарды және басқа электр бөлшектерін қажет етеді. Құралды балама кернеумен пайдалану туралы ақпарат алу үшін Victaulic компаниясына хабарласыңыз.

ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ҚҰБЫРДЫ АЙНАЛДЫРУ БАҒЫТЫН ТЕКСЕРУ

Әр VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралының негізгі электрлік шкафтың ішінде құралға арналған номиналды кернеу және т.б. ақпарат көрсетілген жапсырма болады (төменде берілген мысалды қараңыз). Құралды дұрыс орнату үшін, осы жапсырмадағы ақпаратты қарау қажет.


MODEL

SERIAL NUMBER

victaulic

DRIVE MOTOR

VOLTS	PHASE	HERTZ	FULL-LOAD CURRENT
208/230	1	50	AMPS AT 230 VOLTS
440/460	3	60	AMPS AT 460 VOLTS
380/400		50/60	AMPS AT 380 VOLTS

HYDRAULIC MOTOR

VOLTS	PHASE	HERTZ	FULL-LOAD CURRENT
208/230	1	50	AMPS AT 230 VOLTS
440/460	3	60	AMPS AT 460 VOLTS
380/400		50/60	AMPS AT 380 VOLTS

• GEAR OIL – AGMA 7
• HYDRAULIC OIL – HIGH-PRESSURE, ANTI-WEAR ISO GRADE 32
• BEARING LUBE – ANTI-WEAR, EXTREME PRESSURE NLGI GRADE 2

Electrical Assembly Drawing Revision Level

FRX0068LBL 3959 Rev. F

⚠ ҚАУІПТІ



- **ТЕК БІЛІКТІ ЭЛЕКТРШІ МАМАНДАР ҒАНА ҚҰРАЛҒА КІРІС ҚУАТЫН ЖАЛҒАУЫ ТИІС.**
- **Құрал жерге дұрыс тұйықталуы керек.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы кіріс қуатын сымдар жүйесімен қосу үшін құбырда ¾ дюймді номиналды саңылаумен жабдықталған. Құбыр саңылауы құралдың артқы жағында негізгі электр шкафының жанында орналасқан.

Кіріс электр қосылыстары негізгі электр шкафының ішінде жасалуы керек.
Үш фазалы кіріс қуат негізгі электрлік корпустың жоғарғы оң жақ бөлігіндегі басты автоматты ажыратқыштың жоғарғы жағына жалғануы керек.


1. Жерге тұйықтау қосылымын негізгі электр шкафының ішіне жерлендіріңіз.
2. Құралдың автоматты ажыратқышына 3 фазалы электр қосылымдарын орнатыңыз.
3. Қуат дұрыс қосылғаннан кейін, құрал айналу бағыты бойынша тексерілуі керек.

VE872 бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы **«TEST (JOG)»** (СЫНАҚ (СЕРПУ)) түймешігімен жабдықталған. Құралды **«TEST (JOG)»** (СЫНАҚ (СЕРПУ)) түймешігі бойынша басқару мынандай мүмкіндіктерді береді:

- Құралдың төменгі ролигінің айналу бағытын анықтау
- Ойық кесілетін құбыр төменгі роликпен дұрыс қадағаланып тұрғанын растау



4. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«ON»** (ҚОСУЛЫ) күйіне бұраңыз.





5. Басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.





6. Төменгі роликті іске қосу үшін, басқару панеліндегі ауыстырып-қосқышты **«TEST (JOG)»** (СЫНАҚ (СЕРПУ)) режиміне қойып, **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін дереу басыңыз. Төменгі роликтің айналу бағытын тексеріңіз. Төменгі роликті өшіру үшін, **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құрал **«TEST (JOG)»** (Сынақ (Серпу)) режимінде болғанда, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басудың қажеті жоқ.

7. Құралдың алдыңғы жағынан қараған кезде, төменгі ролик **САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН** айналып тұруы керек. Егер сағат тілі бағытымен айналса, қуат көзіне қосылды.


⚠ ЕСКЕРТУ

- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.




8. Егер төменгі ролик сағат тіліне қарсы бағытта айналса, құралдың бүйіріндегі негізгі қуат қосқышын **«OFF»** (ӨШІРУЛІ) күйіне орнатып, мына қадамдарды орындаңыз.



9. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі автоматты ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.). Кенеттен іске қосылып кетуін болдырмау үшін, ауыстырып-қосқышты **«OFF»** (ӨШІРУЛІ) күйіне бұрап құлыптаңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Victaulic компаниясы осы құлыптау механизмін қамтамасыз етпейді.







10. Негізгі корпустың екі кронштейніндегі бұранданы босату арқылы негізгі корпусты ашыңыз. Негізгі корпусты ашу үшін, тұтқаның төменгі жағындағы тетікті басып, сағат тілі бағытымен бұраңыз.

11. Негізгі автоматты ажыратқыштың жоғарғы бөлігіндегі кіріс екі желінің кез келгенін реттеңіз (шкафтың жоғарғы оң жақ бөлігінде орналасқан).

12. Екі кронштейндегі бұранданы бекіту арқылы негізгі корпусты жабыңыз.

13. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі автоматты ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).

14. Төменгі роликтің айналу бағытын тексеру үшін, 4–7 қадамдарындағы нұсқауларды орындаңыз. Айналдыру бағыты сағат тілі бағытында болмаса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. Егер сағат тілі бағытымен айналса, қуат көзіне қосу процедурасының аяқталғанын білдіреді.

ҚҰБЫРДЫ ОЙЫҚ КЕСУГЕ ДАЙЫНДАУ

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Ойық кесетін роликтің қызмет ету мерзімін барынша ұзарту үшін, құбыр шетінің ішкі және сыртқы беттеріндегі бөгде материалдар және қабыршақтанған тот алынып, тазалануы тиіс. Тот — бұл ойық кесетін роликтердің сыртқы бетін тоздыратын абразивті материал.**

Бөгде материал ойық кесетін роликтерге кедергі келтіруі немесе зақымдауы мүмкін, соның салдарынан бұрмаланған ойықтар және Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сай келмейтін ойықтар кесілуі мүмкін.

Құралды дұрыс пайдалану және Victaulic сипаттамалары шеңберіндегі ойықтарды өндіру үшін келесі құбырды дайындау қадамдарын сақтау керек.

Victaulic компаниясы ұшына ойық салынған құбыр өнімдері үшін тік бұрышпен кесілген құбырды ұсынады. Шаршы кескіш құбыр Victaulic FlushSeal® және EndSeal® төсемдерімен бірге қолданылуы КЕРЕК. 12 дюйм/323,9 мм және одан кішірек құбыр өлшемдері үшін қабырға қалыңдығы стандартты қабырға (ANSI B36.10) қалыңдығына сай немесе одан аз және қиғаштығы ANSI B16.25 (37 ½°) немесе ASTM A-53 (30°) сәйкес болған жағдайда, ұшы конусты құбыр Victaulic стандарты және Vic-Flange төсемдерімен бірге пайдаланылуы мүмкін. **ЕСКЕРТПЕ.** Ұшы конусты құбырда бүрлейтін роликтермен ойық салғанда, жарамсыз құбыр саңылауы пайда болуы мүмкін. 14–72 дюйм/355,6–1829 мм өлшеміндегі конусты көміртекті болат құбырды Victaulic Advanced Grooving System (AGS) стандарты немесе FlushSeal төсемдері, соның ішінде AGS Vic-Flange ернемектерімен бірге қолдануға болады.

1. 12 дюйм/323,9 мм және одан кішірек құбыр өлшемдері үшін көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай 2 дюйм (50 мм) қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек.

1a. 14–38 дюйм (355,6–965 мм) құбыр өлшемдері үшін, көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай 4 дюйм (100 мм) қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек.

1b. 40–72 дюйм (1016–1829 мм) өлшеміндегі құбырлар үшін, көтерілген ішкі немесе сыртқы пісірілген жіктер және қыртыстар ажарланып, құбыр ұшынан артқа қарай4 ½ дюйм (115 мм) қашықтықта құбыр бетіне беттелуі керек.

2. Құбыр ұшының ішкі диаметрі ойық кесетін роликтерге кедергі келтіруі немесе зақымдауы мүмкін қатқыл шөгінділерден, кірден және басқа да бөгде материалдардан тазалануы керек. Құбырдың алдыңғы шеті біркелкі болуы тиіс және бетінде ойыс/шығыңқы жерлер болмауы керек, әйтпесе ойық кесетін ролик дұрыс жылжымауы және жинақты тіркеу кезінде қиындық туындауы мүмкін.

ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

VE872 құралдары қысқа құбырда құбыр кронштейнін пайдаланбай-ақ ойық кесе алады. 1-кестеде Victaulic компаниясының ойық кесу құралдарының көмегімен қауіпсіз түрде ойық кесуге болатын ең аз құбыр ұзындығы көрсетілген. Сонымен қатар, бұл кестеде құбыр кронштейнін пайдаланбай ойық кесуге болатын максималды құбыр ұзындықтары көрсетілген. Қысқа құбырда ойық кесу жолы туралы нұсқаулар алу үшін «Қысқа құбырларда ойық кесу» бөлімін қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** 1-кестеде көрсетілгендерден қысқа, ойық кесілген құбыр келтеқосқыштарын Victaulic компаниясынан алуға болады.

1-кестеде көрсетілгеннен ұзындау (және 20 футқа/6 метрге дейінгі) құбырлар құбыр кронштейнімен тірелуі керек. Ұзындығы 20 футтан/6 метрден екі еселі шартты ұзындыққа (шамамен 40 фут/12 метр) дейінгі құбыр екі құбыр кронштейнімен тірелуі керек. Ұзын құбырда ойық кесу жолы туралы нұсқаулар алу үшін «Ұзын құбыр ұзындықтары» бөлімін қараңыз.

1-кестеде көрсетілген минималды ұзындықтан қысқа болатын құбыр қажет болса, соңғыдан бұрынғы бөлікті соңғы бөліктің ұзындығы көрсетілген минималды ұзындықпен бірдей (немесе ұзындау) болатындай етіп қысқартыңыз.

МЫСАЛЫ: Бөлікті аяқтау үшін диаметрі 10 дюйм болатын 20 фут, 4 дюйм/6,2 м өлшеміндегі көміртекті болат құбыры қажет, бірақ 20 фут/6,1 м өлшеміндегі құбыр ғана қолжетімді. Ұзындығы 20 футты/6,1 м және 4 дюймді/102 мм көміртекті болат құбырында бүрлейтін роликтермен ойық салудың орнына келесі қадамдарды орындаңыз:

1. 1-кестені қараңыз және диаметрі 10 дюймді құрайтын көміртекті болат құбыры үшін роликпен басып салынатын ойықтың ең аз ұзындығы 10 дюйм/255 мм болатынын ескеріңіз.

2. 19 футтық, 6 дюймдік/5,9 м-лі және 10 дюймдік/255 мм-лі құбырларда бүрлейтін роликпен ойық кесіңіз. «Ұзын құбыр ұзындықтары» бөлімін қараңыз.

1-КЕСТЕ — ОЙЫҚ КЕСУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ҚҰБЫР ҰЗЫНДЫҚТАРЫ

Көміртекті болат құбыр өлшемі		Ұзындығы – дюйм/мм	
Номиналды құбыр өлшемі (дюйм немесе мм)	Құбырдың нақты сыртқы диаметрі (дюйм/мм)	Мини-малды	Максималды
203,2 мм	8.000 203,2	10 255	24 610
216,3 мм	8.516 216,3	10 255	24 610
8	8.625 219,1	10 255	24 610
254,0 мм	10.000 254,0	10 255	20 510
267,4 мм	10.528 267,4	10 255	20 510
10	10.750 273,0	10 255	20 510
304,8 мм	12.000 304,8	12 305	18 460
318,5 мм	12.539 318,5	12 305	18 460
12	12.750 323.9	12 305	18 460
14 (OD)	14.000 355,6	12 305	16 410
377 мм	14.843 377	12 305	16 410
15 (OD)	15.000 381	12 305	16 410
16 (OD)	16.000 406,4	12 305	16 410
426 мм	16.772 426	12 305	16 410
18 (OD)	18.000 457	ЕСКЕРТПЕ. Құбырда осы өлшемдер бойынша бүрлейтін роликтермен ойық кескен кезде, әрқашан құбыр кронштейнін пайдаланыңыз. Бұл өлшемдерде ұзындығы 18 дюймнен/ 460 мм-ден қысқа құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесуге БОЛМАЙДЫ.	
480 мм	18.898 480		
20 (OD)	20.000 508		
530 мм	20.866 530		
22 (OD)	22.000 559		
24 (OD)	24.000 610		
650 мм	25.591 650		
26 (OD)	26.000 660		
28 (OD)	28.000 711		

Көміртекті болат құбыр өлшемі		Ұзындығы – дюйм/мм	
Номиналды құбыр өлшемі (дюйм немесе мм)	Құбырдың нақты сыртқы диаметрі (дюйм/мм)	Мини-малды	Максималды
30 (OD)	30.000 762	ЕСКЕРТПЕ. Құбырда осы өлшемдер бойынша бүрлейтін роликтермен ойық кескен кезде, әрқашан құбыр кронштейнін пайдаланыңыз. Бұл өлшемдерде ұзындығы 18 дюймнен/ 460 мм-ден қысқа құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесуге БОЛМАЙДЫ.	
32 (OD)	32.000 813		
36 (OD)	36.000 914		
38 (OD)	38.000 965		
40 (OD)	40.000 1016		
42 (OD)	42.000 1067		
44 (OD)	44.000 1118		
46 (OD)	46.000 1168		
48 (OD)	48.000 1219		
52 (OD)	52.000 1321		
54 (OD)	54.000 1372		
56 (OD)	56.000 1422		
60 (OD)	60.000 1524		
72 (OD)	72.000 1829		

ОЙЫҚ КЕСПЕС БҰРЫН ҚҰРАЛДЫ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

Жөнелту алдында Victaulic компаниясының әрбір бүрлейтін роликпен ойық кесу құралы тексеріледі, реттеледі және сынақтан өтеді. Дегенмен, құралды пайдаланудан бұрын құралдың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі тексерулер мен түзетулер жасалуы керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

ОЙЫҚ КЕСЕТІН РОЛИКТЕР

Құралдың өлшемі мен ойық кесілетін материал үшін құралға дұрыс роликтер жинағының орнатылғанына көз жеткізіңіз. Роликтер жинағы құбыр өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалы үшін түстермен кодталады. Қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз. Егер құралға тиісті бүрлейтін роликтер орнатылмаған болса, «Бүрлейтін роликті ауыстыру» бөлімін қараңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Төменгі ролик болтының бекітілгеніне және жоғарғы біліктің қажетті позицияда құлыпталғанына көз жеткізіңіз.**

Төменгі роликтің болты немесе жоғарғы білік босап кеткен болса, құралды және бүрлейтін роликтерді зақымдауы мүмкін.


РОЛИК ҚАПСЫРМАСЫН РЕТТЕУ

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ


- **Әр роликті ауыстырған сайын, «Ролик қапсырмасын реттеу» бөліміндегі нұсқаулар орындалуы қажет.**

Ролик қапсырмаларын дұрыс реттемеген жағдайда жарақат алуыңыз мүмкін.


VE872 құралы **«SET GUARD»** (Қапсырманы орнату) басқару параметрімен жұмыс істейді. Құралға құбырдың өлшемі мен кестесі дұрыс енгізілгеннен кейін, **«SET GUARD»** (Қапсырманы орнату) параметрі оператордың қапсырмаға арналған қажетті реттеу жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндік береді.




1. Гидравликалық цилиндрдің толық қозғалуына мүмкіндік беру үшін, тереңдік реттегішін тартыңыз.



2. Пластинаны ең жоғары позициясына көтеру үшін, ролик қапсырмаларының алдыңғы жағындағы тұтқаны босатыңыз. Тұтқаны бекітіңіз.



2a. Өлшемі сәйкес келетін және кестеге сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Құбыр тікелей роликтің үстінде тұруы керек және бір немесе басқа жаққа қисайып кетпеуі керек.



3. Басқару панеліндегі ауыстырып-қосқышты **«SET GUARD»** (Қапсырманы орнату) режиміне қойыңыз. Құралдың гидравликалық жүйесіне қысым түсіру үшін, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басыңыз. Құрал цилиндрі/сырғағы/жоғарғы ролигі қозғалады. Жоғарғы ролик құбырға тиген кезде, гидравликалық сорғы автоматты түрде өшеді және гидравликалық жүйе қысымы (бар-жоғы 75–100 фунт/шаршы дюймге) артады. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатыңыз. Цилиндр төмен күйде қалады. Егер гидравликалық қысым орнатылмаған болса, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышы босатылғаннан кейін, цилиндр бейтарап күйге қайтарылады.




4. Құрал қапсырмасын реттемес бұрын, басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (Тоқтату) батырмасын басыңыз. Жоғарғы ролик құбырға тиіп тұра береді.


⚠ ЕСКЕРТУ

- **Ролик қапсырмалары қапсырманы орнатуға арналған төсеммен дұрыс орналастырылуы тиіс.**


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

5. Қапсырманы орнатуға арналған екі төсем құралмен бірге беріледі. 12 дюйм/323,9 мм және одан кішірек құбырлар үшін қапсырманы орнату орнатуға арналған қалыңдығы ¼ дюйм/6,4 мм болатын төсемді пайдаланыңыз. AGS роликтер жинағымен ойық кесілетін 14 дюйм/355,6 мм және одан үлкенірек құбырлар үшін қапсырманы орнату орнатуға арналған қалыңдығы ⅜ дюйм/9,5 мм болатын және **«FOR AGS ONLY»** (ТЕК AGS ҮШІН) деген жапсырмасы бар төсемді пайдаланыңыз.







6. Қапсырманы орнатуға арналған дұрыс төсемді құбырға жабыстырып ұстап тұрып, оны ролик қапсырмаларының астына қарай итеріңіз. Пластинаны қапсырманы орнатуға арналған төсемге түсіру үшін, ролик қапсырмаларының алдыңғы жағындағы тұтқаны босатыңыз. Тұтқаны бекітіңіз.



7. Бүйірлік сырғақ қапсырмасын қапсырманы орнатуға арналған төсемге түсіру үшін, ролик қапсырманың сол жағындағы тұтқаны босатыңыз. Тұтқаны бекітіңіз.



8. Қапсырманы орнатуға арналған төсемді құбырдан алып тастаңыз. Қапсырманы орнатуға арналған төсемді қауіпсіз жерде сақтаңыз.



9. Құрал қапсырмасын реттеп болғаннан кейін, басқару панеліндегі **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.



10. **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басып, босатыңыз. Құралдың гидравликалық сорғысының моторы іске қосылады және құралдың поршеньдік білігі бейтарап күйге қайтарылады.

11. Қапсырманы орнату процедурасы аяқталды.

ҚҰБЫР ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШЫН РЕТТЕУ

⚠ ЕСКЕРТУ


- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**
- **Түзетулер жасаған кезде, құбырды ұстауға БОЛМАЙДЫ.**
- **Құрал/құбыр қолданыста/қозғалыста болғанда түзетулер жасамаңыз.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.


VE872 құралының құбыр тұрақтандырғышы ұзындығы қысқа және ұзын құбырлардың ары-бері тербелуін болдырмауға арналған. Тұрақтандырғыш таңдалған құбыр өлшеміне және қабырға қалыңдығына реттелгенде, өлшемі мен қабырға қалыңдығы өзгеше құбырда ойық кесілмесе, ол қосымша реттеуді қажет етпейді. Өлшемі мен қабырға қалыңдығы бірдей құбырды тұрақтандырғышты шығармай-ақ құралға жылжытуға және одан шығаруға болады.




1. Құралдың өлшемі мен ойық кесілетін материал үшін құралға дұрыс роликтер жинағының орнатылғанына көз жеткізіңіз. Бүрлейтін роликтер құбыр өлшемі мен бөлшек нөмірі бойынша белгіленеді және құбыр материалы бойынша түстермен кодталады. Қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз.



2. Тұрақтандырғышты құлыптау тұтқасын босатыңыз.



2a. Тұрақтандырғыш доңғалағын пайдаланып, төменгі роликке салынған құбырды тазалау үшін тұрақтандырғыш роликті шығарып алыңыз.



3. Өлшемі сәйкес келетін және кестеге сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Құбыр тікелей роликтің үстінде тұруы керек және бір немесе басқа жаққа қисайып кетпеуі керек.


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Тұрақтандырғыш роликті құбырды солға және роликтердің ортасынан итеру үшін реттеуге БОЛМАЙДЫ. Құбыр ұшындағы саңылауы ұлғайтылған және роликтің қызмет ету мерзімі қысқарған жағдайда, құбыр солға және ортадан жылжытылады.**
- **Құбыр тұрақтандырғышын реттеу үшін, құбырды қолмен ҰСТАМАҢЫЗ.**
- **Құбыр қозғалып тұрған кезде, құбыр тұрақтандырғышын реттеуге БОЛМАЙДЫ.**
- **Рұқсат етілген максималды саңылау өлшемінен асатын құбырдағы муфталар жинағы муфта корпустарының тиісті төсем жинағының және төсемнің бұрмалануына/зақымдалуына жол бермеуі мүмкін.**

Құбыр барлық нұсқауларға сәйкес дайындалмаса, бұл дене жарақатының алынуына және/немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.



4. Тұрақтандырғыш доңғалағын пайдаланып, тұрақтандырғыш роликті құбырға қарай реттеңіз.



ЕСКЕРТПЕ. Тұрақтандырғыш роликті тым қатты ішке КІРГІЗБЕҢІЗ, себебі ол құбырды солға және ортадан ары қарай жылжытады, бұл құбыр ұшындағы саңылаудың шамадан тыс болуына әкеледі. Дұрыс орналастыру үшін жоғарыдағы суретті қараңыз.



5. Саңылауы құбырға тура беттелетіндей етіп, ролик қапсырмасын орналастыру үшін, ролик қапсырмасының орнату тұтқасын босатыңыз. Қапсырманың құбырды қажамайтынына көз жеткізіңіз. Ролик қапсырмасын орнату тұтқасын бекітіңіз.



6. Тұрақтандырғышты құлыптау тұтқасын бекітіңіз.

7. Барлық түзетулерді аяқтап, құбырда ойық кесіңіз. «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз. Ойық кескен кезде, тұрақтандырғыш роликті бақылаңыз. Ол құбырға тиіп тұруы керек, ал құбыр жан-жаққа тербелмей біркелкі айналуы керек. Егер құбыр біркелкі айналмаса немесе жан-жаққа тербелсе, ойықты кесу әрекетін тоқтатып, тұрақтандырғыш роликті реттеңіз. Ойық кесу операциясын жалғастырыңыз және қажет болған жағдайда қосымша түзетулер енгізіңіз.

ЦИЛИНДР ЖЫЛДАМДЫҒЫН РЕТТЕУ

Цилиндр жылдамдығының реттеуі көміртекті болат құбырында бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін зауытта орнатылған. Көміртекті болат құбырдан басқа, құбыр материалында ойық кескен кезде, цилиндр жылдамдығы қайта реттелуі қажет болуы мүмкін.

1. Цилиндр жылдамдығын басқару клапанына зауытта орнатылған кілтті табыңыз.



2. Цилиндр жылдамдығын басқару клапанын блоктан шығару үшін, кілтті бұраңыз.

3. Кілтті цилиндр жылдамдығын басқару клапанына салынғанда, тұтқаны «құлыпталғанша» бұраңыз. Цилиндр жылдамдығын басқару клапанын төмендегі кестеде көрсетілген қажетті параметрге реттеңіз.

Құбыр материалы	Цилиндр жылдамдығын басқару клапанының параметрі
Көміртекті болат	2.5

Ауқымы: 1,0 = Баяу, 10,0 = Жылдам

4. Цилиндр жылдамдығы орнатылғаннан кейін, цилиндр жылдамдығын басқару клапанын құлыптан босатып, кілтті алып тастаңыз. Кілтті құралдағы қауіпсіз жерде сақтаңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Цилиндр жылдамдығы жоғарғы роликтің ойық кесу жылдамдығына ғана әсер етеді. Бұл жоғарғы роликтің құбырға жету үшін қозғалыс жылдамдығына әсер етпейді, сондай-ақ, ойық кесілген соң роликтің құбырдан шығу жылдамдығына әсер етпейді.**
- **Ойықты кесу кезінде, цилиндр жылдамдығы құбыр саңылауына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Осы беттегі кестеде келтірілген параметрлер бойынша көп жағдайда Victaulic техникалық сипаттамаларына сәйкес ойықтар кесіледі. Алайда, осы параметрлер бойынша шамадан тыс саңылау пайда болса, жағдайды түзету үшін параметрді азайтыңыз. Мысалы, саңылау 2,5 параметрге шамадан тыс болғанда, көміртекті болат құбыры үшін цилиндр жылдамдығын басқару клапанын 1,5 немесе 2,0 мәніне реттеңіз.**


ҰСТАЛЫМДЫ БАСҚАРУ МҮМКІНДІГІН РЕТТЕУ

Ұсталымды басқару мүмкіндігінің реттеуі ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрдің жоғарғы жағына тиген соң, құралдың құбырды бұруды жалғастыратын уақыттың ұзақтығын басқарады. Ұсталымды басқару таймері уақыт ауқымы мен құбыр өлшемінің параметрлері бойынша реттеледі.

Құбырдың тиісті өлшеміне реттелген кезде, ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрге тиген соң, құбыр кем дегенде бір айналымға айналады. Бұл құбырдағы ойықтың бүкіл құбыр айналасында біркелкі тереңдікте болуын қамтамасыз етеді.

УАҚЫТ АУҚЫМЫН РЕТТЕУ

Уақыт ауқымының параметрі таймердің жұмыс параметрлерін орнатады.




1. Уақыт ауқымының параметрін реттеу үшін таймер дөңгелегін ауқым параметрлері циферблатта көрінгенше, толықтай сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Ауқым бұрандасы реттеу үшін №0 Phillips бұрағышын ғана пайдаланыңыз.**

Бұл нұсқауды орындамасаңыз, бұранда басы зақымдалуы мүмкін.



2. Қажет болса, таймердің төменгі сол жақ бұрышында орналасқан уақыт ауқымының бұрандасын шкалада көрсетілген қажетті ауқымға бұрыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** VE872 құралдары **«SEC-10»** күйінде зауытта орнатылған. Ауқым бұрандасы реттеу үшін №0 Phillips бұрағышын ғана пайдаланыңыз. №0 Phillips бұрағышынан өзге қандай да бір құралдар пайдаланылса, бұл бұранда басын зақымдауы мүмкін.


- 8–38 дюйм (219,1–965 мм) өлшеміндегі құбырлар үшін, таймер ауқымын **«SEC-10»** мәніне орнатыңыз
- 40–72 дюйм (1016–1829 мм) өлшеміндегі құбырлар үшін, таймер ауқымын **«SEC-50»** мәніне орнатыңыз

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Уақытты реттеу ауқымы ойық кесілетін құбыр өлшемі үшін дұрыс орнатылуы керек.**

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, ұсталым шамадан тыс немесе жеткіліксіз болуына әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде тереңдігі әркелкі, дұрыс емес ойық диаметрлері мен ойықтар пайда болады.

ҚҰБЫР ӨЛШЕМІН РЕТТЕУ



1. Таймер дөңгелегін тиісті құбыр өлшеміне бұраңыз.

- 8–38 дюйм (219,1–965 мм) өлшеміндегі құбырлар үшін, таймер ауқымы **«SEC-10»** мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз
- 40–72 дюйм (1016–1829 мм) өлшеміндегі құбырлар үшін, таймер ауқымы **«SEC-50»** мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз

ОЙЫҚ ДИАМЕТРІ ТЕЖЕУІШІНІҢ РЕТТЕУЛЕРІ

Ойық диаметрінің тежеуіші әрбір құбыр өлшемі немесе қабырға қалыңдығының өзгеруі бойынша реттеу керек. «C» деп белгіленген ойықтың диаметрі «Бүрлейтін роликпен ойық кесу сипаттамалары» бөлімінің астында берілген. Оған қоса, құралға жабыстырылған жапсырмада «C» өлшемдері көрсетілген.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- **Төмендегі түзетулерді жүзеге асыру үшін, материалы, диаметрі және қалыңдығы сәйкес келетін ойық кесілетін құбырдың бірнеше қысқа сынық бөліктерін қолданыңыз. Сынық бөліктерінің 1-кестеде көрсетілген ұзындыққа қатысты талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.**

Тиісті диаметрге қол жеткізу үшін:


1. Ойық кесілетін құбырдың диаметрі мен қалыңдығын анықтаңыз.

2. Тереңдік шектегішінің құбыр өлшемінің көрсеткіші туралы жапсырмасында құбырдың тиісті диаметрі мен қалыңдығын таба аласыз. Оңай қарау үшін, құбыр өлшемі индикаторының барабанын бұруға болады.





3. Ойық диаметрінің тежеуішін тереңдік реттегішінен (сағат тіліне қарсы бағытта бұрап) босатыңыз. Тереңдік реттегішінің жоғарғы шетін индикатор барабанындағы тиісті өлшемнің және кесте таңбаларының ең төменгі сызықтық күйімен туралаңыз. Тереңдік реттегішін бұрылмайтын етіп ұстаңыз.



4. Тереңдік реттегішін осы күйде құлыптау үшін, ойық диаметрінің тежеуішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Тереңдік реттегіштерін құлыптаулы күйінде айналдырған жағдайда, бұл тереңдік реттегіштері мен цилиндр піспегі бұрандаларының мерзімінен бұрын тозуына әкеледі.**
- **Таңбалар болжалды ойық диаметрінің реттеуін қамтамасыз етеді және ойық диаметрінің дәл параметрлері болып табылмайды. Құбырдың сыртқы диаметрі мен қабырға қалыңдығының әртүрлі болуы ойық диаметрінің тежеуішін дәл калибрлеуге мүмкіндік бермейді.**
- **Бастапқы реттеуді таяз етіп орнатып (белгінің төменгі шетінде), құбырдың сынама бөлігіне ойық кесіңіз, содан кейін соңғы реттеуді орындаңыз.**

ЕСКЕРТУ



Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.


- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**
- **Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және жұмыс кезінде құбыр тұрақтандырғышындағы роликтен алыс ұстаңыз.**
- **Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.**
- **Құбырда ойықты әрдайым САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.**
- **Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.**
- **Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.**

5. Сынамалы ойықты дайындаңыз. «Ойық кесу операциясы» бөлімін қараңыз.

VICTAULIC — VICTAULIC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІСІ.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.**



6. Сынамалы ойық дайын болғаннан және құбыр құралдан алынғаннан кейін, ойық диаметрін («C» өлшемі) мұқият тексеріңіз. «Бүрлейтін роликпен ойық кесу сипаттамалары» бөлімін қараңыз. Құралмен бірге берілген стандартты құбыр таспасы «C» өлшемін тексерудің ең тиімді әдісі болып табылады. Бұдан басқа, осы өлшемді ойықтың ішіндегі екі жерден (бір-бірінен 90°) тексеру үшін штангенциркульді немесе тар жерге арналған микрометрді пайдалануға болады. Орташа көрсеткіш қажетті ойық диаметрінің сипаттамасына сәйкес келуі керек.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Дұрыс тіркелуін қамтамасыз ету үшін «C» өлшемі (ойық диаметрі) Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сәйкес болуы керек.**

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, дұрыс тіркелмеуі мүмкін, ал бұл дене жарақатының алынуына және/немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

7. Егер ойық диаметрі («C» өлшемі) Victaulic компаниясының техникалық сипаттамаларына сәйкес келмесе, диаметр тежеуішін реттеу керек.

7a. Тереңдік реттегіштерін құлыптан босатыңыз.

7b. Кішірек ойық диаметрін (тереңірек ойық) реттеу үшін, ойық диаметрінің тежеуішін босатып, тереңдік реттегішін сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз (құралдың жоғары жағынан қараған кезде). Тереңдік реттегішін осы күйде құлыптау үшін ойық диаметрінің тежеуішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

7c. Үлкенірек ойық диаметрін (жайпақтау ойық) реттеу үшін, ойық диаметрінің тежеуішін босатып, тереңдік реттегішін сағат тілі бағытымен бұраңыз (құралдың жоғары жағынан қараған кезде). Тереңдік реттегішін осы күйде құлыптау үшін ойық диаметрінің тежеуішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Айналым ширегі кез келген жағдайда ойық диаметрін толық айналым бойынша 0.042 дюймге/1,1 мм-ге немесе 0.167 дюймге/4,2 мм-ге өзгертеді.

8. Басқа сынамалы ойықты дайындап, ойық диаметрін («C» өлшемі) алдыңғы қадамдарда сипатталғандай тексеріңіз. Бұл қадамдарды ойық диаметрі сипаттамаға сай болмайынша қайталаңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Тереңдік реттегіштерін құлыптаулы күйінде айналдырған жағдайда, бұл тереңдік реттегіштері мен цилиндр піспегі бұрандаларының мерзімінен бұрын тозуына әкеледі.**
- **Ролик жинақтарының конструкциясы дұрыс орнатылған «A» және «B» өлшемдерінде болады. Егер «A» және «B» өлшемдері техникалық сипаттамаға сай келмесе, ойық кесу кезінде құбырдың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Оған қоса, сәйкестендірілетін ролик жинағы құралға орнатылғанына көз жеткізіңіз.**
- **Өлшемдерге қатысты қосымша тексерілуі тиіс мәндер көрсетілген жапсырма құралға жабыстырылған.**



ҚЫСҚА ҚҰБЫРЛАРДЫ ОЙЫҚ КЕСУ

⚠ ҚАУІПТІ



- **Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, құралдың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіп, нұсқаулардың барлығын орындаңыз.**
- **Құралды пайдаланбас бұрын, осы нұсқаулықтың «Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін қараңыз.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Бұл құралды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін ҒАНА қолдану керек.**


Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына және/немесе құралдың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

1. Ойықты кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.


2. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі автоматты ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).




3. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«ON»** (ҚОСУЛЫ) күйіне бұраңыз.




4. Басқару панеліндегі ауыстырып-қосқыш **«GROOVE»** (ОЙЫҚ КЕСУ) күйіне орнатылғанын тексеріңіз.






4a. Басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасы сыртқа қарай тартылып тұрғанына көз жеткізіңіз.



5. **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ




Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**
- **Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және жұмыс кезінде құбыр тұрақтандырғышындағы роликтен алыс ұстаңыз.**
- **Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.**
- **Құбырда ойықты әрдайым САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.**
- **Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.**
- **Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.**

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Құбырды ойық кесу процедурасына дейін және одан кейін де қолмен тіреу қажет.**


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



6. Өлшемі, материалы және қалыңдығы сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне толықтай тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Құбырды қоласты құралдармен тіреп тұрғанда, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып, ұстап тұрыңыз. Жоғарғы ролик жылжытылып, құбырға тиіп тұрады. Қолдарыңызды құбырдан алыңыз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.**



7. Ойық кесуді жалғастырғанда, ойық диаметрінің тежеуіші сәл төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп тұрады. Бұл түйіспе ойық кесуді аяқтау үшін құбырдың бір-үш айналымға айналуына мүмкіндік беретін ұсталымды басқару таймерін іске қосады («Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу» бөлімін қараңыз).

7a. Жоғарғы ролик автоматты түрде қайтарылып, құбырды босатады.

7b. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.

8. Ойықты/құбыр ұшын тексеріп, олардың Victaulic техникалық сипаттамаларына сай екендігіне көз жеткізіңіз.

9. Егер бүрлейтін роликпен ойық кесу жұмысы ұзақ уақыт бойы орындалмайтын болса, басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын төмен қарай басу арқылы гидравликалық жүйені өшіріңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Ойық диаметрі құбырдың диаметрі мен қабырға қалыңдығы бойынша техникалық сипаттамаға сәйкес келуі керек. Ойықтарды сипаттамаға сай келетін қалпында сақтау үшін, ойық диаметрі тексерілуі және қажет болған жағдайда түзетілуі керек.**

ҰЗЫН ҚҰБЫРЛАРДА ОЙЫҚ КЕСУ

⚠ ҚАУІПТІ



- **Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, құралдың жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіп, нұсқаулардың барлығын орындаңыз.**
- **Құралды пайдаланбас бұрын, осы нұсқаулықтың «Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін қараңыз.**

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- **Ұзын құбырлар үшін құбыр ұшындағы саңылауды кішірейту үшін құбыр кронштейнінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.**
- **Муфталарды рұқсат етілген максималды саңылаудан асатын құбырға орнатуға БОЛМАЙДЫ.**
- **Бұл құралды осы нұсқаулықтың қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімінде көрсетілген құбырда бүрлейтін роликтермен ойық кесу үшін ҒАНА қолдану керек.**
- **Мәліметтер алу үшін әрқашан қолданыстағы «Роликпен басып салынатын ойық сипаттамалары» кестесіне жүгініңіз.**


Осы нұсқаулар орындалмаған жағдайда, өнімнің істен шығуына себеп болуы мүмкін, ал бұл мүліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Ұзындығы 1-кестеде көрсетілген максималды шектен асатын құбырда бүрлейтін роликтермен ойық салғанда, роликті құбыр кронштейнін пайдалану керек. Аунақшалы құбыр кронштейні құбырға еркін айналуына мүмкіндік бере отырып, құбыр салмағын көтере алуы керек.

1. Құралдың түзу тұрғанына көз жеткізіңіз. Теңестіру талаптары үшін «Құралды орнату» бөлімін қараңыз.



2. Құбыр кронштейнін құбыр ұзындығының жартысынан аздап асатын қашықтыққа құралдан ары қойыңыз. Жоғарыдағы суретті қараңыз.



3. Құбыр кронштейнін қадағаланатын нысанның бұрыштық күйі үшін шамамен 0–½ градус солға қарай орналастыру керек. Жоғарыдағы суретті қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Құбыр саңылауы шамадан тыс болса, оңнан солға қарай қадағалауды барынша азайту керек. Қадағаланатын нысанның бұрыштық күйі үшін ½ шамасынан кем градусты пайдалану қажет болуы мүмкін.


4. Құрал көлденең күйде дұрыс реттелген болса, бірақ құбырдың ұшы ойық кесілетін ұшынан жоғары болса, құбыр қадағаланбауы мүмкін. Сонымен қатар, құбыр ұшындағы саңылау шамадан тыс болуы мүмкін. Құралды орнату және құбырды орналастыруға қатысты талаптарды «Құралды орнату» бөлімінен және жоғарыдағы суреттерден қараңыз.


5. Ойықты кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.

6. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі автоматты ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).




7. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«ON»** (ҚОСУЛЫ) күйіне бұраңыз.






8. Басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.




9. Басқару панеліндегі ауыстырып-қосқыш **«GROOVE»** (ОЙЫҚ КЕСУ) күйіне орнатылғанын тексеріңіз.




9a. **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ




Ойық кесетін роликтер саусақтарыңызды және қолыңызды кесіп немесе езіп кетуі мүмкін.

- **Құралға қандай да бір өзгертулер енгізбес бұрын, әрдайым негізгі қуат көзін өшіріңіз.**
- **Құбырды жүктеген/түсірген кезде, қолдарыңыз роликтерге жақын болады. Қолдарыңызды ойық кесетін роликтерден және жұмыс кезінде құбыр тұрақтандырғышындағы роликтен алыс ұстаңыз.**
- **Жұмыс кезінде құбырдың ұштарына немесе құрал айналасына немесе құбырға қолыңызды салмаңыз.**
- **Құбырда ойықты әрдайым САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН кесетін болыңыз.**
- **Осы нұсқаулықта берілген ұзындықтардан қысқа болатын құбырларда ешқашан ойық кесуші болмаңыз.**
- **Бос киім, кең қолғап немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киюші болмаңыз.**



10. Өлшемі, материалы және қалыңдығы сай келетін құбырды бүрлейтін төменгі роликке салыңыз. Құбырдың ұшы төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне толықтай тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Қолдарыңызды құбырдан алыңыз.



11. Оператор жоғарыда көрсетілгендей орналасуы керек.



12. Ойық кесу операциясын бастау үшін, аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып, ұстап тұрыңыз. Сонда жоғарғы ролик құбырға тиіп тұрады. Төменгі ролик айнала бастайды да ойық қалыптасады.

13. Ойық кесу жұмысы кезінде, құбыр айналғанда, құбырдың қадағалануын көзбен тексеріп шығыңыз. Құбырдың төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер құбыр төменгі роликтің артқы таяныш ернемегіне тиіп тұрмаса, құралды аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босату және одан аяғыңызды алу арқылы тоқтатыңыз. Құбырдың дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз («Ұзын құбырлар» бөлімін қараңыз). 10–12 қадамдарын қайталаңыз.



14. Ойық кесуді жалғастырғанда, ойық диаметрінің тежеуіші сәл төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп тұрады. Бұл түйіспе ойық кесуді аяқтау үшін құбырдың бір-үш айналымға айналуына мүмкіндік беретін ұсталымды басқару таймерін іске қосады («Ұсталымды басқару мүмкіндігін реттеу» бөлімін қараңыз). Құрал құбырды бірнеше секундтан кейін автоматты түрде босатады. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.

15. Ойықты/құбыр ұшын тексеріп, олардың Victaulic техникалық сипаттамаларына сай екендігіне көз жеткізіңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Кейде ойық кесу кезінде, ойық диаметрінің тежеуіші сәл жоғары және төмен жылжып, гидравликалық цилиндрге тиіп, тізбекті ажыратып жіберуі мүмкін. Бұл қатты пісірілген қыртыстар немесе қатты дақтары бар құбырлар үшін қалыпты болып табылады.**
- **Қысқа құбырдың дұрыс тірелгеніне көз жеткізіңіз.**

16. Егер бүрлейтін роликпен ойық кесу жұмысы ұзақ уақыт бойы орындалмайтын болса, басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын төмен қарай басу арқылы гидравликалық жүйені өшіріңіз.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- **Егер құбыр төменгі роликтің үстінде қалса:**
  Төменгі ролик итерілгенде, құбыр босатылады. Төменгі роликті «итерген» кезде, құбырды роликтерден шығарып алуға әрекет ЖАСАМАҢЫЗ. Басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған «STOP» (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартып, «Hydraulic Pump Start» (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз, содан кейін төменгі роликті «итеру» үшін басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған «STOP» (ТОҚТАТУ) тұтқасын төмен қарай басыңыз.
- **Ойық диаметрі құбырдың диаметрі мен қабырға қалыңдығы бойынша техникалық сипаттамаға сәйкес келуі керек. Ойықтарды сипаттамаға сай келетін қалпында сақтау үшін, ойық диаметрі тексерілуі және қажет болған жағдайда түзетілуі керек.**

БҮРЛЕЙТІН РОЛИКТІ АУЫСТЫРУ


VE872 бүрлейтін роликтермен ойық кесу құралдары бірнеше құбыр өлшемін және материалдарды орналастыру үшін жиі ауыстыруды қажет етпейтін роликтермен жобаланған.

Ойық кесу үшін басқа құбыр өлшемі немесе материал қажет болса, жоғарғы және төменгі роликтерді ауыстыру керек. Бүрлейтін роликті таңдау үшін, қолданылатын «Құралдың класы және роликті таңдау» бөлімін қараңыз.


НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- **Жоғарғы және төменгі роликтер компоненттерге сәйкес келеді және орындары ауыстырылмауы керек.**

1. Құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз (негізгі автоматты ажыратқыш панелі, ажыратқыш және т.б.).




2. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«ON»** (ҚОСУЛЫ) күйіне бұраңыз.






3. Басқару панеліндегі және электрлік шкафтағы төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.




4. Басқару панеліндегі ауыстырып-қосқышты **«SET GUARD»** (Қапсырманы орнату) режиміне қойыңыз.




5. **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




6. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басыңыз. Ойық диаметрінің тежеуіші гидравликалық цилиндрге тиіп тұрғанда, гидравликалық сорғы өшеді. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын босатып, одан аяғыңызды алыңыз.



7. Сырғақ төсемін жоғарыда көрсетілгендей құралдың жоғарғы блогынан шығару арқылы алып тастаңыз.



8. Сырғақты шығару (көтеру) үшін, **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




9. Сырғақ толығымен шығарылған (көтерілген) соң, басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (Тоқтату) тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).




10. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«OFF»** (ӨШІРУЛІ) күйіне бұраңыз.


ТӨМЕНГІ РОЛИКТІ АЛУ



1. Тиісті гайка кілтін пайдаланып, төменгі роликті бекіту болтын босатыңыз.




2. Төменгі ролик болтын және тығырығын алыңыз.




3. Төменгі роликті негізгі біліктен тартып шығарып алыңыз. Төменгі роликті құралдар шкафында сақтаңыз. Төменгі роликті қолмен шығарып алу мүмкін болмаса, әдеттегі тісті беріліс ағытқышын пайдаланыңыз.


ЖОҒАРҒЫ РОЛИКТІ АЛУ




1. Жоғарғы білікті толық ашу үшін, алдыңғы ролик қапсырмасын қажетінше реттеңіз.



2. Жоғарғы білікті құлыптау істігін сырғақтан сыртқа қарай тоқтағанша тартыңыз.




3. Жоғарғы роликті тіреп жатқан кезде, жоғарғы білікті жоғарғы роликтен/сырғақтан тігінен тарту арқылы шығарыңыз.




3a. Жоғарғы роликті шығарып алыңыз. Жоғарғы роликті құралдар шкафында сақтаңыз.

ЖОҒАРҒЫ РОЛИКТІ ОРНАТУ

1. Орнатпас бұрын, жоғарғы білікті және жоғарғы роликті кірден және қабыршақтан тазалаңыз. Жоғарғы роликтегі мойынтіректің дұрыс майланғандығын және жақсы күйде екендігін тексеріңіз. Кез келген компонентте зақымдалған жерлері бар болса, оларды ауыстырыңыз.




2. Жоғарғы роликті сырғақтың артқы жағына жоғарыда көрсетілгендей етіп орнатыңыз. Жоғарғы роликтегі белгілердің алға қарай беттеліп тұрғанына көз жеткізіңіз.





3. Жоғарғы роликті тіреп жатқан кезде, жоғарғы білікті сырғаққа және жоғарғы роликке салыңыз. Жоғарғы біліктегі саңылауды сырғақтың жанындағы құлыптау істігімен туралаңыз.




Жоғарғы білікті құлыптау істігін сырғаққа/жоғарғы білікке ол тоқтағанша итеріп салыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Саңылау бағытын көрсететін сызықтар жоғарғы біліктің алдыңғы жағында орналасқан.


ТӨМЕНГІ РОЛИКТІ ОРНАТУ

1. Орнатпас бұрын, негізгі білікті және төменгі роликті кірден және қабыршақтан тазалаңыз.


2. Төменгі роликті шығарып алу жұмысын жеңілдету үшін, төменгі роликті орнатпас бұрын, негізгі білікке құрғақ графит спрейін себуге немесе қажалуға қарсы майлағышты жағуға болады.



3. Негізгі біліктің шарты шетін төменгі роликтегі шаршы саңылаумен туралаңыз. Төменгі роликті негізгі білікке толық итеріп орнатыңыз. Төменгі роликтегі белгілердің сыртқы қарай беттеліп тұрғанына көз жеткізіңіз.




4. Төменгі роликтің тығырығын және бекіту болтын орнатыңыз.




5. Төменгі роликті негізгі білікке бекіту үшін, төменгі ролик болтын толық бұрап бекітіңіз.




6. Құралдың бүйір жағындағы негізгі іске қосу ауыстырып-қосқышын **«ON»** (ҚОСУЛЫ) күйіне бұраңыз.



7. Басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.



8. **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.




8a. Басқару панеліндегі ауыстырып-қосқышты **«SET GUARD»** (Қапсырманы орнату) режиміне қойыңыз. Аяқпен басқарылатын қауіпсіздік қосқышын басып тұрыңыз. Жоғарғы ролик пен сырғақ төмен қарай жылжи бастайды.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ


- **Жоғарғы ролик еркін қозғалады. Жоғарғы ролик жоғарғы біліктің артқы жағына қаратылып тұрғанына көз жеткізіңіз.**

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, жоғарғы және төменгі роликтердің ернемегі зақымдалуы мүмкін.







9. Жоғарғы ролик/сырғақ шамамен 1 дюймге/25 мм-ге жылжытылған соң және роликтер тураланған және тіркелген соң, басқару панеліндегі **«STOP»** (Тоқтату) тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).




10. Сырғақ төсемін құралға жоғарыда көрсетілгендей бекітіңіз.




11. Басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (ТОҚТАТУ) тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.



12. Сырғақты толығымен шығару (көтеру) үшін, **«HYDRAULIC PUMP START»** (Гидравликалық сорғыны іске қосу) түймесін басыңыз.



13. Сырғақ толығымен шығарылған (көтерілген) соң, басқару панеліндегі төтенше жағдайға арналған **«STOP»** (Тоқтату) тұтқасын төмен қарай итеріңіз (басыңыз).



14. Жоғарғы біліктің алдыңғы жағындағы майды жеткізетін келтеқосқышқа май жағу арқылы жоғарғы біліктің мойынтіректерін майлаңыз. Тиісті майлағыш үшін «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.

15. Осымен роликтер жинағын орнату аяқталды. Ойық кеспес бұрын, осы нұсқаулықтың алдыңғы бөлімдеріндегі барлық нұсқаулардың орындалуын қадағалаңыз (яғни, ролик қапсырмаларын, ойық диаметрінің тежеуішін реттеу және т.б.).

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

⚠ ҚАУІПТІ



- **Құралға қандай да бір түзетулер жасамас бұрын немесе техникалық қызмет көрсетпес бұрын, әрдайым құралдың негізгі қуат көзін өшіріңіз.**


Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

Бұл бөлімде құралдарды қажетті жұмыс қалпында сақтау туралы және қажет болғанда жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты нұсқаулар беріледі. Жұмыс кезінде профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу өз ақысын өтейтінін және жөндеуге жұмсалатын және операциялық шығындарды қысқартады.

Құралды дұрыс және қауіпсіз пайдалану үшін, қосалқы бөлшектерді Victaulic компаниясынан тапсырыс беру керек.

МАЙЛАУ


1. 8 сағат жұмыстан кейін, құралды майлаңыз. Роликтерді ауыстырған кезде, әрқашан жоғарғы роликтің мойынтіректерін майлау керек.




2. Жоғарғы біліктің мойынтіректерін роликтерді ауыстырған сайын және әр 8 сағаттық жұмыстан кейін майлаңыз. Баспақ майсауыт жоғарғы біліктің алдыңғы жағында орналасқан. Тиісті майлағыш үшін «Ұсынылатын майлағыштар» кестесін қараңыз.




3. Сырғақтың қысатын тақтайшаларын және негізгі біліктің мойынтіректерін сырғақтың артқы жағында орналасқан майлау фитингілері арқылы майлаңыз.






4. Тұрақтандырғыш ролик қапсырмасының гайкасын және тұрақтандырғыш ролик қапсырмасын алыңыз.



4a. Тұрақтандырғыш ролигін майлаңыз.





4b. Тұрақтандырғыш ролик қапсырмасын және тұрақтандырғыш ролик қапсырмасының қосқұлақты гайкасын ауыстырыңыз.

ТЕГЕРШІК РЕДУКТОРЫНЫҢ МАЙЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ҚҰЮ

Тегершік редукторының май деңгейін жарты жыл сайын немесе әр 3000 сағат жұмыс сайын тексеру керек. Егер сұйықтық ағып кететін болса, оны түзету үшін жөндеу жұмыстарын жүргізу керек.

